

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

***Б.С. ҚАПАЛБЕК¹** **Ә.Р. АЛПЫСБАЙ²** **М.Ж. ТУРКБЕНБАЕВА³** 

Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: zhomart_til@mail.ru¹, alpysbai.aliya@bk.ru², mtdi_2021@mail.ru³)

***ЖЫЙЫРМАНШЫ ДЕП ЖАЗУ ҚАЙ НОРМА?**

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – қазір қоғамда көп талқыланып, түрлі-түрлі нұсқа ұсынылып жүрген жиырмамыншы сан есімін қазақ тілінің нормасына сай жазудың фактологиялық материалдар келтіру арқылы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделген нұсқасын ұсыну. Қазақ емлесіндегі ала-құлалықты жою үшін мұндай грамматикалық талдаулар өте қажет. Аталған сан есім бойынша ғалымдар арасындағы пікірлердің сан алуандығы зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Коммуникативтік нормада сөздің екі буынмен айтылатындығы сауалнама жүргізу арқылы анықталады. Қазақ тілінің дыбыстық заңына сәйкес дұрыс жазылу нұсқасы ұсынылады. Сан есімге реттік мағына білдіретін -ыншы, -інші жұрнағының жалғану жүйесі беріледі. Элизия құбылысы заңдылығымен сөз ішінде қатар келген екі дауысты дыбыстың алдыңғысы түсіп қалатындығы мысалдар арқылы дәлелденеді. «Жыйырма» сан есімінің қазақ тілінде қалыптасқан жүйеге қайшы келіп тұрғандығы анықталады. Тілдік нормада осы реттік сан есімдерді жазудың дұрыс нұсқасы ұсынылады. «Жыйырма» сан есімінің қазіргі орфографиялық сөздіктерде қате жазылып жүргендігі дәлелденеді. Осының барлығы жұмыстың практикалық құндылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: дыбыс заңдылықтары, тілдік норма, коммуникативтік норма, элизия, буын.

Кіріспе. Бұл мақалада лингвистика ғылымында баяғыдан белгілі тіл мен сөйлеудің (язык и речь) зерттеу нысаны ретінде екі белдеуде жатқан құбылыс екендігі айтылады. Осының негізінде лингвистикада тілдік және коммуникативтік норма болатындығы дәлелденеді. Фактологиялық материал ретінде «жыйырма» сан есімі лингвистикалық талдауға түседі. Алдымен «жыйырма» сан есімінің қазіргі орфографиялық сөздіктерде қате жазылып жүргендігі дәлелденеді.

«Бұл – тілдік норма», – дейді мамандар. Бұдан өзге сөйлеу нормасы деген бар. Ретімен айтсақ, қазақ тілінде -ыншы, -інші қосымшалары реттік сан есім жасайды: он+ыншы, бес+інші, алт(ы)+ыншы, жет(і)+інші және т.б. Түбір сан есім дауысты дыбысқа аяқталғанда қосымша -ншы, -нші түрінде жалғанатындай көрінеді. Шындығында, қосымшаның толық табиғи қалпы -ыншы, -інші болғандықтан түбір сөздің соңғы дауысты дыбысы қатар келген дауыстының әсерінен айтылмай түсіп қалады. Бұны лингвистикада элизия құбылысы деп атайды.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26104175 «Жасанды интеллект арқылы Ақымет Байтұрсынұлының қазақ руханиатындағы орны мен өміршең ұстанымдарын инновациялық технологиялар мен ақпараттық және ғылыми айналымға түсіру» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Қазақ тілінде дауыстылардың сөз ішінде, сөздер аралығында қатар тұра алмайтындығы, қатар келе қалған жағдайда алдыңғысы элизияға ұшырайтындығы (айтылмайтындығы) – тіл заңдылығы. Мысалы, алты алма, жеті лақ деген тіркестер ал-тал-ма, же-ты-лақ деп буындалып барып бунақталады. Байқап отырғанымыздай, мұнда жетінің і-сі, алтының ы-сы жұтылып тұр. Ал+тын+шы дегенде де, же+тін+ші дегенде де солай. Бұл – сөйлеу арқылы қалыптасып, тілдік нормаға айналған заңдылық. Қазақ тілінде бұл заңдылық 99% пайыз жұмыс істейді. Мәселен, не істейміз деген тіркесті н(е) істейміз емес, не (і)стейміз деп айтамыз. Яғни қатар келген дауыстының алдыңғысы емес, кейінгісі түсіп тұр. Бір пайызға осындай мысалдар жатады.

Мақалада жиі пікірталас тудыратын «жиырма» сан есімінің табиғатын айқындау мақсатында тілдік норма, әдеби норма және узустық қолданыс ұғымдарының өзара байланысы қарастырылды. Осы тұрғыда «жиырма» сөзінің қалыптасу ерекшеліктері, тарихи даму жолы және қазіргі тілдік жүйедегі орны талданып, оның ғылыми-әдістемелік негіздемесі ұсынылды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін тіл біліміндегі жалпы теориялық қағидалар, соның ішінде морфология, сөзжасам және функционалды грамматика салаларындағы ғылыми тұжырымдар құрайды. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі сан есімдер жүйесі, оның ішінде реттік сан есімдердің жасалу жолдары мен құрылымдық ерекшеліктері алынды. Жұмысты орындау барысында қазақ тіл білімінде сан есімдерді зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, олардың ғылыми пікірлері мен тұжырымдары негізге алынды. Әсіресе сан есімдердің морфологиялық табиғаты, олардың сөзжасамдық мүмкіндіктері мен қызметтік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу барысында структуралық әдіс негізгі әдістердің бірі ретінде қолданылды. Бұл әдіс арқылы сан есімдерге жалғанатын реттік қосымшалардың (-ыншы, -інші, -ншы, -нші) жалғану заңдылықтары, олардың фонетикалық ортаға тәуелді өзгерістері және тілдік парадигмадағы орны айқындалды. Сонымен қатар реттік сан есімдердің жасалуындағы морфемалардың өзара байланысы мен құрылымдық жүйесі сараланды. Сан есімдердің түбірлік құрамын және олардың буындық құрылымын анықтау мақсатында статистикалық әдіс пайдаланылды. Зерттеу барысында әртүрлі сан атауларының буын саны, олардың жиілік көрсеткіштері талданып, тілдік қолданыстағы заңдылықтар анықталды. Бұл әдіс сан есімдердің құрылымдық ерекшеліктерін нақты деректер негізінде көрсетуге мүмкіндік берді. Фонологиялық әдіс арқылы сан есімдердің дыбыстық ерекшеліктері, дыбыстардың алмасуы мен үндестік заңдылықтары қарастырылды. Сипаттамалы әдіс сан есімдердің тілдік жүйедегі қызметін, мағыналық және грамматикалық ерекшеліктерін баяндауға мүмкіндік берді. Ал дистрибутивтік әдіс арқылы олардың сөйлемдегі қолданыс аясы, басқа сөз таптарымен тіркесу мүмкіндіктері мен қызметтік белсенділігі анықталды.

Жалпы алғанда, аталған әдістердің кешенді түрде қолданылуы зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға, сан есімдердің, әсіресе реттік сан есімдердің құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін терең ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау және бақылау. Тіл білімінің зерттеу нысаны екеу: тіл және сөйлеу (речь). Екеуі екі белдеуде жатыр. Сондықтан тіл зерттеушілері алдымен қайсысын қарастыратынын (қайсысы жөнінде талдайтынын) анықтап алуы керек. Шығуы жағынан келгенде сөйлеу тілге қарағанда бірінші, алғашқы. Сөйлеу кезіндегі ең кіші бөлшек – буын. Яғни түбір де, қосымша да буыннан тұрады. Қазақ тілінде (түбір, қосымша) морфемалар буыннан кем болмауы керек [1]. Буындардан сөз құралып, сөздер жымдасып, бунақ құрып айтылады. Қазақ былай сөйлейді:

Қан-со-нар-да // бүр-күт-шү / шы-ға-даң-ға,
Тас-тан-түл-кү // та-бы-лар / аң-ды-ғаң-ға.
Жақ-сат-пен / та-тұу-жол-дас / бір-ға-ный-бат
Ың-ғай-лы / ық-шам-гі-йім / аң-ша-дам-ға.

Бұл жөнінде Ақаң «...сөйлегенде дауысының ырғағы сағаттың шық-шық еткенімен, тамырдың бүлік-бүлік соққанымен бірдей» [2, 65] деген болатын. Иә, қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер сөйлеу кезінде түйісіп немесе жеке-жеке тұрмай, топ құрап, әр топ өзіндік екпін, ырғақпен айтылады. Ырғаққа енетін буындар саны бірдейленіп, артық буындар түсіріліп немесе жетпейтін буындар қосылып отырады. Осы әуезді сөзді айтқан адам бунақты да, буынды да білмейді. Сөзді ырғаққа келтіріп айту үшін немесе буындар санын бірдейлеп айту үшін филологиялық білімнің қажеті жоқ. Бұл жай ғана қазақ сөзінің айтылу табиғаты. Бұның бәрі қазақ сөзінің ырғақпен айтылу заңдылығынан шығып тұр. Ырғақты топты бунақ деп ат қойып, айдар тағып отырған да тілші ғалымдар. Тілдің жүйесін анықтайтын да, талдайтын да солар. Ал сөйлеу (речь) қашан да бірінші, алғашқы. Алдымен сөйлеуден ырғақты естиміз, тілшілер көрсеткен соң бунақты көреміз. Бір бунаққа (ырғаққа) кіретін сөздер (буындар) бір-біріне үйлесіп, ыңғайласып айтылуына екі себеп бар: бір жағынан сөйлеу мүшелерінің жұмысы жеңілдейді, әр алуан кедергі тегістеледі, екінші жағынан сөз сазы айтылған сөздің тыңдаушы құлағына жұмсақ тиіп, сөзге әуенді үн беріледі [3].

Айғабақ / алтыңгірпік / қызылерін /
Келдесең / неғайайын / аттыңгерін //.
Сарағаш / сазғабіткен / секілденіп /
Қайжерде отүрекен / бұраңбелім //.

Байқап отырғанымыздай, кей дыбыстар ырғақ ішінде алмасып, кей дыбыстар үйлесіп, қазақ тілінің дыбыстық заңына қатаң бағынып тұр. Мұның бәрі жоғарыда Рәбиға апай айтқандай, сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетіп, сөздің сазын тыңдаушысының құлағына жағымды етіп тұр. Мұндай сөзді естіген Г.Потаниннің «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» демеске амалы жоқ.

Ақаң – әйдік ғалым. Ғалым болып үңіліп қарап, тілдің жүйесін жақсы танып, Абайдың сөзінен жүйесіз айтылған жерлерін тауып тұр: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп, желіп келе жатып, шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып, текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын» [4, 475].

Иә, бірінші Абай сөйледі. «Су тоңса мұз болады, натрий мен хлор қосылса тұз болады. Бұл – табиғаттың заңы. Мұндай заң тілде де бар», – деп тұжырымдаған Ақаң Абайдың сөзінен қате тауып, оны түзетті. Тілдік нормаға сүйену деген осы. Тілдік норма – жалпыға ортақ, сөйлеу – жекеге тән.

Біріншіден, қазақ емлесі бойынша жы-йыр-ма болып жазылуы керек. Үш буынды сөз. Оны айту – қиын, ұзақ. Сондықтан сөйлегенде екі буын түрінде айтып жүрміз. Қуантқан аға (Ванов) жүздеген адамнан он тоғыздан жиырма тоғызға дейін санауды сұрап, тәжірибе жасаған. Сонда байқағаны, жиырма (жыйырма) деген үш буынды нұсқаны бірде-бір адам айтпаған, бірі жирма, бірі жерма деп екі буынды сөз ретінде айтты» [5], – дейді ғалым. Бұны жергілікті ерекшелік деуге келмейді. Маңғыстауда тұратын Қуантқан ағай «Қазақстанның әр аймағында, сондай-ақ Моңғолияда, Қытайда тұратын қазақ әншілерінің «Жиырма бес» туралы әндерін тыңдап қарауы да «жыйырма» сөзінің жерма не жирма деп айтылатынын көрсеткен, демек 20-ны екі буынмен айту жергілікті ерекшелік емес. Бұл – сөйлеудегі үнем заңдылығы. Біздің қазақ жазуы – дыбысты жазу. Ол туралы Ақаң былай дейді: «Қазақ емлесінің 70-80%-ы дыбыс жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып, жазуға әдеттену ғана керек» [6, 499]. Бұдан қазақ жазуы тұтастай айтылымды транскрипция жасап отыратын жазу деген қате түсінік болмауы керек. Бүгінгі таңда көп адамның айтылым дағдысы оқу арқылы қалыптасатындықтан

тілші-ғалымдардың міндеті – айтылымды жеңілдететін норма жасап беріп отыру. Сондықтан «жыйырма» сан есімін екі буынды нұсқамен жазу арқылы орнықтыруды біз де қолдаймыз. Бірақ оны қалай жазамыз, жирма түрінде жазу қазақтың дыбыстық заңына қайшы, бізде и деген дауысты жоқ. Зерттеушілердің пікірінше, дыбыс пен оның таңбасы үнемі бір-бірімен сәйкес келе бермейді, сондықтан мұндай сәйкессіздіктерді азайту үшін транскрипцияның маңызы зор. Яғни қазіргі қолданыстағы жиырма деген жазу да дұрыс емес, ал фонологиялық транскрипцияға негізделген жыйырма деп жазсақ тілдік нормаға сай. Бірақ үш буынды сөзді сөйлеуші, яғни сөйлеу нормасы жақтырмай тұр [7, 53]. Енді не істемек керек?! Қазір қысқа й деп аталатын өзіміздің дауыссыз й арқылы екі жағындағы екі дауыстыны алып тастап, ж(ы)й(ы)рма деп тек дауыссыздардың тіркесі етіп жазуға тағы болмайды. Дауыссыздардан буын құралмайтындығы белгілі. Жир-ма деп екі буынды сөз түрінде жазсақ, и дыбысын дауысты деп мойындағанмыз болады. Бір дыбыс кейде дауысты, кейде дауыссыз бола алмайды. Қазақ тілінде и де, у да дауыссыз дыбыстар. Мысалы: тау, тай және т.б. Қазақ тіліндегі и деген дауысты дыбысты таңбалап тұрған әріп бізге у, я, ю әріптерімен бірге орыстың әліпбиінен енген. Сондықтан тілдік норма бойынша жыйырма деген жазуды екі буынға түсіріп жыйр-ма деп қана жаза аламыз. Қуантқан Ванов оны – жерма (жер-ма) деп жазсақ дұрыс болады дейді. Біз де осы нұсқаны дұрысырақ көреміз.

Екі буынмен жыйр-ма деп жазу көзге қораш көрінуі заңды. Бұрынғы тілшілер жиырма дегенді норма деп белгілеген. Бұл норма тілдің бірнеше заңын бұзып тұрса да көз үйреніп кеткен. И таңбасын дауысты деп танысақ, одан кейінгі ы таңбасы да дауысты, бір түбірдің ішінде екеуі қатар келмеуі керек. Ал егер и-ді ый дыбысының қосындысын таңбалап тұр десек, онда сөз үш буынды болып кетеді. Біздің мақсатымыз – айтылуды неғұрлым жеңілдету, соған сәйкес келетін жазу нормасын белгілеу болса, онда дұрысы жер-ма не жыйр-ма болады. Әрине, соңғысын сөз ішінде үнді дыбыстардың осылай тіркесуі тіл заңына, буын жігіне қайшы келмейтіндігіне көз жеткізіп барып, нормалау керек. Екі дауыссыз дыбыстың (йр) сөз ішінде қатар келуі тіл заңына томпақтау келмес пе екен, соны тексеру керек. Сондықтан жер-ма деген екі буынды сөздің жазу нормасына айналу мүмкіндігі жоғары. Өзге түркі тілдерінің ішінде, мысалы, татарларда егерма деп жазылады екен. Сан есімді ж-дыбысынан бастайтын тек қазақ (жиырма) пен қырғыз (жыйырма) ғана. Көбі дауыссыз й-дан бастайды екен: yigirma (өзбек), yigirmi (түркімен), yigmti (түрік).

Нәтижелер. «Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына иек артады» [8, 93]. Мамандардың айтуынша, тіл білімінде норманың екі түрі бар:

1. Тілдік норма, бұл – тіл жүйесіндегі, парадигмадағы норма. Бұның не екенін толық түсіну үшін тіл мен сөйлеудің айырмасын білуіміз керек. Екеуінің түбі бір, бірақ зерттеу нысаны ретінде екеуі екі белдеу. Кез келген лингвистикалық теория зерттеудің, сипаттаудың бастау нүктесін тіл мен сөйлеудің біріне негіздеуі тиіс. Егер олай болмаса, зерттеу о бастан-ақ жүйесіздік жолға түседі, – дейді мамандар.

Тіл – таңбалар жүйесінен тұрады, таңбалар дегеніміз – сөздер, дыбыстар, морфемалар, сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер және т.б. екендігі белгілі. Ал жүйе дегеніміз – тілдің деңгейлері, оның ішкі байланысы, қарым-қатынасы, тіл ережелері, парадигмалар, модельдер және т.б.


Сөйлеу – бұл әрекет, тілдің өнімі, әрекет етуінің нәтижесі. Адамдардың әрекеті әрқашан жағдаятқа негізделеді, оның белгілі бір мақсаты болады, бір әлеуметтік және жекелей мәселелерді шешуге бағытталады. Сөйлеу әрекеті де сондай жағдаятқа негізделеді, белгілі бір мақсатты көздейді.

Тіл – потенциалды таңбалар жүйесі, ол өзінен-өзі қозғалысқа түспейді. Ол әр адамның, әр тілдік тұлғаның жадында сақталады. Ол қайнап жатқан өмірден сырт тұрады. Оның таңбалары мен ережелері көптеген фолианттарда жазулы. Сөйтіп ол осы тілді білгендер үшін сақталады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі.

Тілдік норманы, жазудағы ережелерді белгілейтін, қалыптастыратын тілші мамандар. Лингвистер тіл заңдылықтарына, тілдік дәстүрге, тілдік құралдардың әдеби нормаға сай қолданылуына, фонетикаға, грамматикаға, стилистикаға сүйене отырып, норманың бұзылуын бірден байқайды. Тілдік норма сөздіктер (түсіндірме, орфография, орфоэпия) түрінде және грамматикалық және орфографиялық ережелер түрінде сақталуы тиіс. Сөйлеуді (речьті) ескермей, тілді, жүйені ғана қарастыратын тілтанушылар тілдік норманың бұзылуын мемлекет заңдарының бұзылуымен бірдей қарайды.

2. Коммуникативтік норма. Қайнаған өмірмен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, сөйлеу еркіндікке жол береді. Жаңа сөздер, фонетикалық және грамматикалық ауытқулар осында пайда болады. Олар жалпы халық қабылдамайтын окказионалды болып, тез жоғалып кетуі мүмкін немесе бекіп, біртіндеп жүйеден орын алуы да мүмкін. Яғни, тіл – сөйлеуден туындайды. Сөйлеуге табан астынан тудыру, жандылық тән. Тілдің өзгеруі (дамуы) тікелей сөйлеуге байлаулы. Тілдің шығатын қайнар көзі – сөйлеу. Тіл заттарды сөзбен айтудан бастап, сол сөздерді қосып құрастыру арқылы жасалады деген түсінік қате. Керісінше, сөз сөйлеудің ішінен шығады. Сөз жасау сөйлеудің басты қажеттілігі болып табылады. Е. Косериу тіл жүйесі, норма және сөйлеудің арақатынасы жөнінде (қазір бәрімізге танымал) мынадай сәтті сызбаны ұсынған болатын.

Сызба 1 – Сөйлеу нормасы



Ғалымның айтуынша, жүйе дегеніміз – әдеби тілдің көп өзгермейтін негізі болса, норма – көп нұсқалы болып келуі мүмкін. Ал сөйлеу сол норманың көп нұсқаларының біріне сүйенбей, оның өзіне де бағынбайтын, жүйеден де, нормадан да үлкен ауқымды құбылыс болып табылады [9]. Яғни сөйлеу норманы жаңартып отырады. Бір мағынаны беру үшін сөйлеуші жұмсаған, бірақ бұрын тілде жоқ элемент (құрылым) тыңдаушыға жатық болса, жалпыға сіңісіп, жүйеден орын табады. Тіл жалпыға ортақ, сөйлеу жеке адамға тән болғандықтан тілдік норма тек сөйлеу кезінде бұзылады. Қалай болғанда да тілді дамытатын – жеке адам, сөйлеуші. Жеке адам жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп қолданады. Бұның өзі кейде кемшілік, кейде артықшылық болып шығады. Кемшілік болатыны – кейбір жеке қолданыстар көпшіліктен қолдау таппай, заңдылыққа айнала алмай, тіл жүйесіне ене алмай, сол қолданылған жерде қалады. Артықшылық болатыны – тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды», – дейді Ақаң [10, 141]. Ғалымның «Тілдің міндеті... жарау» дегені – тілдің (жүйенің) ішкі мүмкіндігі (потенциалы) шексіз дегені. Ал «жұмсай білетін адамы болса» дегені – тілді сөйлеу (речь) арқылы дамытатын жеке адам дегені.

Сонымен тілде тілдік норма және коммуникативтік норма деген болады екен. Соңғысын кейбір тілтанушылар тарқатып, сөйлеу нормасы (речевая норма), прагматикалық норма деп жіктейді [11]. Біздіңше, бұлардың бәрі коммуникативтік нормаға кіреді. Жоғарыда айтқанымыздай, әзірше жыйырманшы деген тілдік нормаға жатады десек, жыйырманшы коммуникативтік норма, яғни сөйлеу нормасына жатады.

Тілдік норма бойынша -ншы, -нші деген реттік сан есімнің қосымшасы жоқ, дұрысы -ыншы, -інші екенін жоғарыда айттық. Алт-ыншы, жет-інші дегенде түбірдің соңындағы дауыстылар түсіп қалған. Сын есімнің нешінші деген сұрағы да сол заңдылыққа бағынып тұр: неш-інші (нешенші емес). Түбірдің соңындағы дауысты дыбыс алт-ыншы, жет-інші дегендегідей түсіп қалған. Бірақ бұның мағынаға, оны тыңдаушының түсінуіне кесірі тимеген. Айталық, нешенші демей-ақ, нешінші деп түбірдің соңындағы е дыбысын

түсіріп тастасақ та сөз тыңдаушыға түсініксіз болып қалған жоқ. Қосымша да өзінің толық тұлғасын (-інші) сақтап тұр:

жеті-інші
алты-ыншы
неше-інші

Ал жиырманшы дегенде ыншы қосымшасы өз тұлғасын толық сақтап тұрған жоқ. Осы мәселені қарастырған математика маманы Қуантқан аға былай дейді: «...жиырманшы сөзін басқа реттік сан есімдер атауымен салыстырсақ, басқа сөздердің барлығы -ыншы, -інші деп аяқталса, жиырманшы сөзінің жалғыз өзі ғана -аншы болып аяқталады, яғни көпшілік санға ортақ атау жүйесінен бөлекше болып келеді [5]. Яғни жыйырма+ншы (жыйырма+аншы) дегеніміз керісінше тілдік норманы, жалпыға ортақ жүйені бұзып тұрғанын байқаймыз. Ал коммуникативтік нормада бұл сан есімнің реттік түрін жыйырмасыншы деп айту қалыптасқан. Осы нұсқа тілдік норма ретінде де танылған. Осы уақытқа дейін шыққан барлық фолианттарда солай жазылған.

Сөйлеу алғашқы, содан кейін барып тілдің жүйесі екендігін жоғарыда айттық. Сөйлеуші неге жыйырманшы демейді? Біріншіден, жүйеде ондай модель жоқ, реттік сан есімнің -ыншы, -інші қосымшасы жалғанғанда түбірдің соңғы дыбысы түсіп қалуы керек. Жалпыға ортақ модель бойынша жыйырм+ыншы болуы керек (алт+ыншы, жеті-інші сияқты). Солай дыбыстау оңай болғанымен, тыңдаушы мен оқушының түсінуі, қабылдауы қиындап тұр. Түбірдегі сөз ұшығында ашық а дыбысының түсіп қалуы сөздің мағынасының анық болуына, тыңдаушыға түсінікті болуына кері әсер етіп тұр. Ал сөйлеу нормасы үшін басты нәрсе – сөздің тілге жеңіл болуы әрі коммуникацияның жүзеге асуы, яғни айтушының айтқаны тыңдаушыға анық жетуі ғой.

Өзге түркілердің кейбіреуінде бұл сан есім қысаң дауыстыға аяқталады екен: әзірбайжан (iüigmi), түркімен (yigirmi), түрік (yirmi). Қосымшаны жыйырмыншы деп дұрыс жалғап айту үшін біздің де сан есім қысаң -ы дыбысына аяқталып, жыйырмы болуы керек. Ал бізде түбір қырғыз (жыйырма), өзбек (yigirma), татар (егерме) тілдеріндегідей ашық дауыстыға аяқталып тұр. Яғни мұнда элизия құбылысы кері жүріп тұр (жыйырма+(ы)ншы). Элизияның мұндай кері құбылысы тілде 0,1% болса да кездеседі. Жоғарыда айтқанымыздай, не (i)стейміз дегенде осы құбылыс байқалады. «Элизияға беріліп жүрген ережелерде алғашқы дауысты түседі деп түсіндіріліп жүр. Қазақ тілінде кейде алғашқысы кейде соңғысы түсіріліп айтылады» [12, 135]. Мұндай пікірді практикалық фонетиканың белгілі өкілі С.Мырзабеков те қолдайды: «Не істейсің? Не ішесің? дегенді тез айтқанда, нестейін? нешесің?-ге жуықтайды. Элизия бойынша, ністейсің, нішесің болу керек еді. Бұл не сөзінің жойылуына алып барады. Ал не алдың? – дегенді нелдың, налдың емес, тек неалдың болады. Яғни бір буынды атауыш сөз (не) өзінен кейін өз болмысын сақтайтыны байқалады. Ал шылаудың жөні бөлек. Мәселен: жазыпталды (жазып та алды), тұрыптішті (тұрып та ішті), жатыптішті (жатып та ішті) [13, 56].

Бұнда да алдыңғы дауыстыны түсіріп айтсаңыз, сөз мағынасы күңгірттенеді, мағына анық болмайды.

Алт-ыншы, жеті-інші деген реттік сан есімдерде түбір мен қосымшадағы дауыстылардың бірі (алдыңғысы) түсіп қалып, бірдей бір дауысты екі жақ қызметті бірге атқарып тұрғаны анық. Түбірдің мағынасын да жыйырмыншыға айналдырып түсініксіз етпей, қосымшаның да тұрқын сақтап тұр. Содан бізде түбір мен қосымшадағы немесе сөз арасындағы түсіп қалатын дауыстылар бірдей болуы керек: (ал (а) ат, қар(а) ат немесе жыйырм(а) ат, жыйырм(а) алма немесе кейінгі дауысты, алдыңғы дауыстыны түсіру үшін акустикалық жағынан күшті болуы керек деген заңдылық бары байқалады: айағ(ы) ауұрды, қол(ы) ұзұн, алт(ы) ай, ек(і) ешкі, бас(ы) айналды және т.б. Мысалдардан байқағанымыз, түспейтін дыбыс (кейінгі дыбыс) түсетін дыбыспен акустикалық күші тең немесе артық болады екен. Ақаң былай дейді: «Дауысты дыбыстардың ашық я көмескі болмағы – ауыздың көп я аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «а» барша

дыбыстан ашық, сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса (е), дөңгелектеніп тарылса, (о). Одан әрі тарылғанда үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады...» [14, 396].

Ақаң айтқан төмен дәрежелі дыбыстарға қысаң ы, і дыбыстары жатады. Бұл дыбыстардың өзінің алдында қатар тұрған а дыбысын элизияға ұшырата алмайтыны байқалады, қараңыз:

1. Жыйырм(а) ат
2. Жыйырм(а) әйел
3. Жыйырм(а) ешкі
4. Жыйырм(а) үйрек
5. Жыйырма (ы)лақ (жыйырм(а) ылақ емес)
6. Жыйырма (і)шік (жыйырм(а) ішік)
7. Жыйырма(ы)ншы (жыйырм(а)ыншы емес)

Соңғы үш мысалда түбірдің соңғы дыбысын түсіріп айту мүмкін емес, сөзді түсіну қиындап, коммуникация жүзеге аспай қалады. Сондықтан сөйлеуші бұндай қатар келген дәрежесі сәйкес келмейтін ашық+қысаң (а+ы, а+і) дыбыстарды бір бунаққа біріктірмей, бөліп айтуды жөн көреді. Ал реттік мағынаны беру үшін -ыншы, -інші қосымшасын жалғағанда тәуелдіктің дауыстыдан кейін келетін ІІІ жағының -сы, -сі жалғауын дәнекер ғып, қосып айтады, бунаққа артық буын қосылады.

Тәуелдіктің дауыстыдан кейін келетін үшінші жақ жалғауының сөйлеуде артық қолданылуы жалғыз бұл емес. Оған бөлек мақала арнап, жеке қарастыру керек...

Қорытынды. Сөз арасында немесе сөз ішінде қатар келген дауыстының бірі (алдыңғысы) үнемі элизияға ұшырай бермейді. Мәселен, қысаң ы, і дыбыстары өзінен бұрын тұрған ашық а дыбысын жұта алмайды, керісінше соңғы дауысты көмескіленіп кетеді (жыйырма-ншы, жыйырма+шік, жыйырма лақ).

Барша дауыстыдан ашық болмаса да одан кейінгі екінші, үшінші дәрежелі дыбыстардың өздері де өзінің алдындағы тұрған а дыбысын ығыстырып шығарады. Мысалы: жыйырм(а) ешкі, жыйырм(а) орын, жыйырм(а) үй, бірінші, екінші мысалда коммуниканттардың сөзді түсінуі бойынша ешқандай мәселе жоқ. Тек қысаң, еріндік ү дыбысымен келген сөзді жыйырмүй деп те, сөз түсінікті болуы үшін жыйырма үй деп те нығарлап айтуға болады. Яғни езулік қысаңдарға қарағанда еріндіктердің элизия құбылысын жүзеге асыру мүмкіндігі басым екендігі байқалады.

Ек(і)-інші, алт(ы)ыншы, жет(і)інші деген сөздерде жүзеге асатын элизия құбылысы жыйырм(а)ыншы дегенде жүзеге аспай қалатын себебі, қысаңдардың өздерінің алдындағы ашық дауыстыны түсіруге шамасы келмейтіндігінде. Сондықтан, біздіңше, жыйырм(а)-ншы деп жазу, қолдану тілдік нормаға жатпайды, себебі коммуникативтік нормаға айнала алмай тұр. Мұның бәріне сөйлеушінің жыйырмаыншы реттік сан есіміндегі қатар келген дауыстының алдыңғысын элизияға ұшыратып, сөзді бір бунаққа біріктіре алмауында болып тұр. Жыйырманшы деп айтар болсақ, айтылым тегістелмей, жыйырмыншы деп айтар болсақ, сөздің мағынасы күңгірттеніп, ал жиырма+ыншы деп айтар болсақ бунақ бірікпей тұр. «Кез келген сөйлеуші қашан да тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш салмауын көздейтіні белгілі» [12, 137]. Сондықтан сөйлеуші жермасыншы (жыйрмасыншы) деп айтуға мәжбүр.

Ал жазуда тілшілер сөздің түбірін екі буындап айтатындай жыйр-ма, әлде жер-ма деген норманы орнықтыру жағын кеңесіп, ойлануы тиіс.

Тілдік нормада осы реттік сан есімдерді жазудың дұрыс үлгілері ұсынылады. Бұл тұрғыда тілдік бірліктердің дұрыс таңдалуы олардың мағынасы мен қолданыс бірлігіне негізделетіні маңызды. Осыған байланысты ғылыми еңбектерде: "Nominative lexicon, therefore, serves as an indicator of the meaning (content) arising from the results of sensory-logical cognition, or the unity of meaning and value» [15, 137], - деп, номинативтік лексика – сезімдік-логикалық таным нәтижесінде қалыптасатын мағынаның көрсеткіші, яғни мағына мен мәннің бірлігін білдіретін тілдік құбылыс екені айтылады. Осы негізде «жиырма» сан

есімінің қазіргі орфографиялық сөздіктерде қате жазылып жүргендігі дәлелденіп, оның дұрыс нұсқасы ұсынылады. Зерттеу нәтижелері жұмыстың практикалық құндылығын арттырады.

Әдебиеттер

1. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Қазақ фонетикасы: ғылыми басылым. – Алматы: Абзал-ай, 2018. – 368 б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). 8-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 290 б.
4. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Екінші кітап. – Алматы: Алашорда, 2023. – 576 б.
5. Жиырманы жазуға қатысты ой. URL: https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/1251 (Қаралды: 20.01.2025)
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 640 б.
7. Жұмабаева Ж., Аманбаева А. Қазақ тіл біліміндегі фонетикалық және фонологиялық транскрипция // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №3(107). – 2022. – Б. 50-55. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph3/50-55>
8. Салқынбай А., Сәрсенбай Ж. Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №1(189). – 2023. – Б. 90-101. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph10>
9. Coseriu E. Sistema norma y Ciencias. Montevideo, – №9. – 1952. – P.15-23
10. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 141 б.
11. Карлинский А.Е. Избранные труды по теории языка и лингводидактике. – Алматы, 2007. – 308 с.
12. Оданова С. Қазақ тіліндегі ықшамдалу құбылыстары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4-5(128-129). – 2010. – Б. 135-137. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/181>
13. Мырзабеков С. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 136 б.
14. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
15. Maretbayeva M., Salkynbay A., Sorokina O. Motivational Mechanisms and Semantic Structures of Polysemous Nominal Nouns in the Kazakh Language // Forum for Linguistic Studie. Volume 07. – 2025. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10199>

Б.С. КАПАЛБЕК, А.Р. АЛПЫСБАЙ, М.Ж. ТУРКБЕНБАЕВА

Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан

ПРАВИЛЬНО ЛИ ПИСАТЬ «ЖЫЙЫРМАНШЫ»: КАКОЙ НОРМЕ ЭТО СООТВЕТСТВУЕТ?

Аннотация. Цель данной статьи — на основе фактологического материала предложить научно-методически обоснованный вариант написания порядкового числительного «жиырмасыншы», который в настоящее время активно обсуждается в обществе и имеет несколько конкурирующих вариантов. Для устранения орфографической неоднородности в казахском языке подобные грамматические анализы являются крайне необходимыми. Многообразие мнений ученых относительно данного числительного свидетельствует об актуальности проведенного исследования.

В рамках коммуникативной нормы посредством анкетирования установлено, что данное слово в устной речи произносится как двусложное. В соответствии с фонетическими законами казахского языка предлагается нормативный вариант его написания. Рассматривается система

присоединения словообразовательных суффиксов -ыншы, -інші, выражающих значение порядковости. На основе закономерностей явления элизии на примерах доказывается, что при стечении двух гласных внутри слова выпадает первый гласный. Установлено, что форма числительного «жыйырма» противоречит сложившейся системе казахского языка. В рамках языковой нормы предлагается корректный вариант написания данного порядкового числительного. Доказывается, что числительное «жыйырма» в современных орфографических словарях фиксируется с ошибкой. Все это в совокупности свидетельствует о практической значимости исследования.

Ключевые слова: фонетические законы, языковая норма, коммуникативная норма, элизия, слог.

B.S. KAPALBEK, A.R. ALPYSBAY, M.ZH. TURKBENBAYEVA
Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan

IS «ZHYYRMANSHY» CORRECTLY WRITTEN: WHAT NORM DOES IT FOLLOW?

Annotation. The aim of this article is to propose a scientifically and methodologically substantiated variant of spelling the ordinal numeral zhiyrmanshy (twentieth), which is currently widely discussed in society and has several competing forms, based on factual linguistic data. Such grammatical analyses are essential for eliminating inconsistencies in Kazakh orthography. The diversity of scholarly opinions regarding this numeral highlights the relevance of the study.

Within the framework of communicative norms, a survey has established that the word is pronounced as a disyllabic form in actual speech. In accordance with the phonetic laws of the Kazakh language, a normative spelling variant is proposed. The system of attaching the derivational suffixes -ynshy, -inshy, which express ordinal meaning, is described. Based on the regularities of the elision phenomenon, examples demonstrate that when two vowels occur consecutively within a word, the first vowel is omitted. It is established that the form “zhiyrma” contradicts the established system of the Kazakh language. A correct normative spelling of this ordinal numeral is proposed. It is also demonstrated that the numeral “zhiyrma” is incorrectly recorded in contemporary orthographic dictionaries. All of these findings collectively indicate the practical significance of the study.

Keywords: phonetic laws, linguistic norm, communicative norm, elision, syllable.

References

1. Jünisbek Ä. Qazaq tıl bılıminıń mäseleleri. Qazaq fonetikasi: ğylımi basylım. – Almaty: Abzal-ai, 2018. – 368 b.
2. Baitürsynüly A. Ädebiet tanytqys. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
3. Syzdyqova R. Tıldık norma jäne onyń qalyptanuy (kodifikasiyası). 8-tom. – Almaty: El-şejire, 2014. – 290 b.
4. «Qazaq» gazetı. 1913 jyl. Ekinşı kitap. – Almaty: Alaşorda, 2023. – 576 b.
5. Jıyrmany jazuğa qatysty oi. URL: https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/1251 (Qaraldy: 20.01.2025)
6. Baitürsynüly A. Qazaq tıl bılıminıń mäseleleri. – Almaty: Abzal-ai, 2013. – 640 b.
7. Jūmabaeva J., Amanbaeva A. Qazaq tıl bılımindegi fonetikalıq jäne fonologialıq trankripsia // Qarağandy universitetinıń Habarşysy. Filologia seriasy. – №3(107). – 2022. – B. 50-55. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph3/50-55>
8. Salqynbai A., Särsenbai J. Qazırǵı qoldanystaǵy tıldık ürdister: norma men uzustyq erekselikter // QazĴU Habarşysy. Filologia seriasy. – №1(189). – 2023. – B. 90-101. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph10>
9. Coseriu E. Sistema norma u Ciencias. Montevideo, – №9. – 1952. – P.15-23
10. Baitürsynüly A. Şyğarmalary. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 141 b.
11. Karlinski A.E. İzbrannye trudy po teorii iazyka i lingvodidaktike. – Almaty, 2007. – 308 s.

12. Odanova S. Qazaq tilindegi yqşamдалu qūbylystary // QazĪU habarşysy. Filologia seriasy. – №4-5(128-129). – 2010. – B. 135-137. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/181>
13. Myrzabekov S. Qazaq fonetikasy. – Almaty: Qazaq universiteti, 1993. – 136 b.
14. Baitūrsynūly A. Til tağylymy (qazaq tılı men oqu-ağartuğa qatysty eñbekteri). – Almaty: Ana tılı, 1992. – 448 b.
15. Maretbayeva M., Salkynbay A., Sorokina O. Motivational Mechanisms and Semantic Structures of Polysemous Nominal Nouns in the Kazakh Language // Forum for Linguistic Studie. Volume 07. – 2025. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10199>

Авторлар туралы мәлімет:

Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан.

Қапалбек Бижомарт Сейсенбекулы – кандидат филологических наук, Института развития государственного языка, Алматы, Казахстан.

Kapalbek Bizhomart Seisenbekuly – Candidate of Philological Sciences, Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan.

Алпысбай Әлия Рүстемқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері, Алматы Қазақстан.

Алпысбай Алия Рустемовна – магистр педагогических наук, научный сотрудник Института развития государственного языка, Алматы, Казахстан.

Alpysbay Aliya Rustemovna – Master of Pedagogical Sciences, Research Fellow at the Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan.

Туркбенбаева Майра Жұбандықызы – филология ғылымдарының магистрі, Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Туркбенбаева Майра Жубандыковна – магистр филологических наук, научный сотрудник Института развития государственного языка, Алматы, Казахстан.

Turkbenbayeva Mayra Zhubandykovna – Master of Philological Sciences, Research Fellow at the Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan.